

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендинович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Mukhtar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY

FTAMP 03.41.91

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_204

АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ

Ақымбек Ералы Шардарбекұлы^{1*}, Железняков Борис Анатольевич¹

¹PhD, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан

*Автор-корреспондент

E-mail: eraly_a@mail.ru (Ақымбек), boriszheleznyakov@mail.ru (Железняков)

Түйіндеме. Оңтүстік Қазақстанның жартылай асыл тастарға ойылған мөрлері кейінгі антикалық дәуірге – ерте орта ғасырларға жатады. Мерзімдеудің ең тиімді тәсілі – бетіндегі кескінді/символиканы түсіндіру болып табылады. Бүгінге Эрмитажда Қырымнан Шығыс Түркістанға дейінгі аймақтан табылған мөрлердің немесе геммалардың айтарлықтай мөлшері жинақталған (800-ден астам бірлік). Бұлар негізінен жиналған, алғашқы саяхатшылар мен зерттеушілер сатып алған оймышты мөрлер. Соңғы онжылдықтарда осындай археологиялық жәдігерлер Оңтүстік Қазақстандағы Отырар және Түркістан оазистерінің ескерткіштерінен табылды. Оларды зерттеумен Е.А. Смағұлов айналысты. Солардың ішінде кейінгі кездейсоқ табылған зат, Қаратау жотасының солтүстік-шығысынан, Құмкент қаласынан анықталды. Нәтижесінде, осындай мөрлердің жасалу/қолдану географиясы мен хронологиясы кеңейеді.

Кілт сөздер: оймышты тас мөр, геммалар, кейінгі антикалық бейнелер, Сырдария-Қаратау өңірі, Аршакидтер, Сасанидтер.

Мақала ҚР БҒМ № АР 09260358 жобасын жүзеге асыру аясында орындалды

МРНТИ 03.41.91

РЕЗНЫЕ КАМЕННЫЕ ПЕЧАТИ АНТИЧНОГО И РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОГО
ВРЕМЕНИ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА

Ақымбек Ералы Шардарбекулы^{1*}, Железняков Борис Анатольевич¹

¹Институт археологии им. А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан

*Автор-корреспондент

E-mail: eraly_a@mail.ru (Ақымбек), boriszheleznyakov@mail.ru (Железняков)

Аннотация. Печати на полудрагоценных камнях в Южном Казахстане, относятся к поздней античности - самому раннему средневековью (IV-VI вв.). Самый надежный способ датировки по интерпретации изображения/символики на щитке. В Эрмитаже накоплен значительный объем находок (более 800 единиц), происходящим из региона от Крыма до Восточного Туркестана. В основном это собранные, выкупленные первыми путешественниками и исследователями резные печати. Археологические и случайные находки последних десятилетий в Южном Казахстане происходили на памятниках Отрарского и Туркестанского оазисов. Изучением их занимался Е.А. Смагулов. Последняя случайная находка произошла уже к северо-востоку от хребта Каратау, на городище Кумкент. В результате расширилась география и хронология хождения/изготовления подобных печатей.

Ключевые слова: резные печати, геммы, изображения поздней античности, Сырдарья-Каратауский регион, Аршакиды, Сасаниды.

**CARVED STONE SEALS OF ANCIENT AND EARLY MEDIEVAL TIMES
OF SOUTH KAZAKHSTAN****Akymbek Yerally Shardarbekuly¹, Zheleznyakov Boris Anatol'evich²**¹A.Kh. Margulan Institute of Archaeology Kazakhstan, Almaty

*Corresponding author

E-mail: eraly_a@mail.ru (Akymbek), boriszheleznyakov@mail.ru (Zheleznyakov)

Abstract. Seals carved on semi-precious stones in South Kazakhstan belong to the period of the Late Antiquity - Earliest Middle Ages (IV-VI centuries). The most reliable method of dating is interpretation of the image/symbolism on the shield of the seal. The State Hermitage has accumulated a significant number of finds (more than 800 gemstones) originating from the region from Crimea to East Turkestan. These carved seals are mainly collected, bought by the first travelers and researchers. Archaeological and random finds of gemstones of recent decades in South Kazakhstan took place on the sites of city oases of Otrar and Turkestan. E.A. Smagulov studied this finds. The last accidental findings occurred already Northeast from the Qaratau Ridge, on the Medieval site of Qumkent. As the result, the geography and chronology of the circulation/manufacture of such seals were expanded.

Key words: carved seals, gemmas, images of Late Antiquity, Syr Darya-Karatau region, Arshakids, Sassanids.

Кіріспе. Геммалардың Оңтүстік Қазақстан аумағынан (Сырдарияның орта ағысындағы қалалық мәдениет оазистерінің ескерткіштерінен) табылуы өте сирек жағдай, ал, бізге барлық жаңалықтар өткен ғасырдың 80-жылдарынан кейін белгілі болды. Бұл аймақ геммалардың (кездейсоқ және мәдени қабаттардан) табылуының солтүстік-шығыс провинцияларының біріне жатады. Жетіасар мәдениетінің ескерткіштері (Сырдарияның сол жағалауы, төменгі ағысы) мәдениет дамуының тарихи-географиялық орталығына жақын (түзуінен Түркістан қаласынан солтүстік-батысқа қарай 400 км-ден сәл астам), сонымен қатар ескерткіштердегі (Қазақстанның Қызылорда облысы) нәзік оймыштары бар материалдарды (барлығы 20-ға жуық бұйым: 20-сы жерлеу орындарынан және 2-і Бидайықасар және Жетіасар қалаларының мәдени қабаттарынан) кезінде Л.М. Левина тауып, зерттеген (Левина, 1996:237-238). Дегенмен, біз қазіргі Түркістан облысының географиялық шеңберімен ғана шектелміз.

Ежелгі, антикалық және ерте ортағасырлық кезеңдердегі жартылай асыл минералдардан: халцедон, ақық, нефриттен тас оюшылар жасаған мөрлер әр уақытта сирек кездеседі және олар көбінесе әлемдегі кейбір тарихи музейлердің қорында аз мөлшерде сақталған. Исламға дейінгі мәдениет, Орта және Таяу Шығыс өңірлерінің археологиясы жөніндегі кітаптардың авторлары мұқабалары мен титулдық беттеріне олардың түрлі-түсті суреттерін ерекше құрметпен қойған. Мұның бәрі геммалардың мөрлер ретінде атқаратын (әлеуметтік) рөліне әсерін көрсетеді, бұл сол дәуірдің символы болып табылады.

Таяу және Орта Шығыстың жартылай асыл тастарға ойылған бейнелердің иконографиясы, олардың типологиясы сияқты мың жылдан астам уақыт бойы дамыды (Ritter, 2012:104). Жалпы, Оңтүстік Қазақстанға «сасанидтік» стилистика мен бейнелер репертуарын бейнелейтін «жалған сақина» мен иконография түрі «келді».

Эрмитаж коллекциясындағы мөрлерді Орта Азия мен Шығыс Түркістанның әртүрлі аудандарынан Б.Н. Кастальский және Н.И. Веселовский жинаған/сатып алған (Борисов, Луконин, 1963:5-6). Оңтүстік Қазақстаннан және шектес аймақтардан (Сырдария өзенінің аңғарлары) табылған геммалар Сасанидтер мемлекеті дәуіріне «жатады», бұл туралы А.Я. Борисов пен В.Г. Лукониннен бастап бірқатар зерттеушілер жазған (Борисов, Луконин, 1963:12-13). Сасанидтік геммаларды зерттеу бойынша А.Я. Борисов пен В.Г. Лукониннің ғылыми жетістігін атап өткен жөн. Геммалар табылған, жақын тарихи-географиялық аймақтар – Сырдарияның жоғарғы (Пугаченкова, 1990) және төменгі (Левина, 1996:236-240) ағысы, көп жағдайда мәдени жағынан біртұтас мәдени өңір.

Табылған антикалық/кейінгі антикалық кезеңнің тас мөрлерінің хронологиясы туралы мәселеге келсек, тас мөрлерді қолданудың солтүстік шекарасы анықталған: олар Сасанидтер кезеңіне жатады (224-651 жж.). ХХ ғ. 20-шы жылдардың аяғынан бастап Эрмитажда сегіз жүзден астам тас геммаларды құрайтын коллекцияны зерттеуге білікті мамандар тартылды: археологтар мен шығыстанушылар, минералогтар мен палеографтар. С.Я. Берзина Хорезмнің бірнеше геммаларының иконографиясын жергілікті хорезмдік басымдықпен және репертуарымен Ахеменидтер кезеңіне жатқызады (б.з.д. IV–III ғғ.) (Берзина, 2006:92-93; Берзина, 2010:60-73).


Мемлекеттік және жеке қажеттіліктерде оймышталған тас мөрлерді дәстүрлі қолдану мәселесі, мысалы, тапсырыс берушінің немесе шебердің мүлікті, бұйымдарды таңбалауы, мөрлеуі және т.б., мөрлерді, негізінен батыс ғалымдарының зерттеулеріне байланысты көтерілген жоқ. Бірінші кезекте, бұл Шығыстың тас мөрлерінің «алтын ғасырына»: б.з.д. III–II мыңжылдықтағы мөрлер мемлекет мұқтажында пайдаланылған кезіне қатысты. Уақыт өте келе, пайдаланушылардың мәртебесі қарапайым пайдаланушыға қарай «төмендеді». Зерттеушілер бұл сұраққа ортақ пікірде жауап береді (Kelly-Buccellati M., 1996). Ирандық оймышты тас мөрлерге зерттеушілердің дәстүрлі көзқарасы – бұл билік пен күш символы (Marcus, 1989:62-63). Мұның Зивиеден табылған мөрлердегі (б.з.д. II мыңж. аяғы – I мыңж. бірінші жартысы) бейнелерді түсіндіруден айырмашылығы жоқ (Ascalone, Baser, 2014). Иран өнерінің тарихын зерттеуші (Сасанидтер бөлімі бойынша) былай деп жазады: «Мөрлер тек билеушілер мен жоғары қоғамнан шыққан адамдарға ғана тиесілі емес, кедей және бай екендігіне, дініне және басқаларына қарамастан, әр адамның өзінің жеке мөрі болуы мүмкін. Қолтаңбаның орнына мөрлер қолданылды» (Хабиб, 2007:154). Осылайша, мөрлерді дайындау технологиясы халықтың жалпы массасы үшін қол жетімді болды; олардың құны арзандады.

Соңғы онжылдықтарда қазақстандық ғалымдар арасында Отырар оазисінің геммалары (8 гемма) және Сидак көмбесі (3 гемма) бойынша мәліметтер жариялаған Е.А. Смағұлов тас мөрлерді зерттеу ісінде жетістікке жетті. Оңтүстік Қазақстанның кейінгі антикалық мәдениеті (Сырдарияның орта ағысы), негізінен Отырар оазисінен: кездейсоқ табылған 3 зат (Құйрықтөбе (жылқы грифі (конегрифон)) (Байпаков, 1986:52), Қоңыртөбе және Пышақшымтөбе) (Байпаков и др., 2005:46-47), төртінші, ол да кездейсоқ табылған, бұл Е.А. Смағұловта айтылады – оның суретін А.Н. Подушкин жариялаған (Подушкин, 2000:108) – бірақ, оның табылған жері белгісіз. Қоңыртөбе қорымындағы № 65 жерлеу орнынан тағы төрт гемма шыққан (Смағұлов, 2001:91). Үш гемма Түркістан оазисінен (Сидак қаласының ғибадатханасы) анықталады (Смағұлов, 2013:116-118).

Мақала авторлары Қаратаудың солтүстік-шығысынан (Теріскей Қаратау, ҚР Жамбыл облысы шекарасына жақын) кездейсоқ табылған, қырынан қараған кескіні бар (билеуші?) оймышты мөр туралы, сондай-ақ бейнені интерпретациялауға және мерзімдеуге байланысты мәселелер бойынша деректер жариялады (Железняков, Акымбек, 2020). Сонымен, Қазақстанның Түркістан облысы аумағынан барлығы он екі гемма табылды, оның ішінде бесеуі кездейсоқ табылса, жетеуі мәдени қабаттан немесе жерлеу орындарынан анықталған.

Отырар және Түркістан оазистерінен табылған геммалардың сипаттамасы. Геммалардың саны бойынша ең көбі (сегіз) Отырар оазисінен табылды, оның үстіне, төртеуі кездейсоқ, әр түрлі уақытта және әртүрлі жерлерден анықталды. Отырар оазисінен әр жылдарда кездейсоқ табылған заттардың сипаттамасына тоқталатын болсақ, «Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана» атты монографияда Е.А. Смағұловтың материалдарының сол уақытта сақталған орны көрсетілген (Байпаков и др., 2005:46):

1.1 «Жылқы грифті» бейнесі бар гемма. Құйрықтөбе қаласының VII–VIII ғғ. қабатынан табылған. Өлшемдері: биіктігі 19,5 мм, ені 24,5 мм, қалыңдығы 17 мм. Кескіні бар беті: 17,5×15 мм, тесігі 6,5 мм. Гемма сарғыш қоңыр реңкті ақытан жасалған. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында сақтаулы (сурет 1.7 сурет 2.2).



Сурет 1. Қоңыртөбе, №65 жерлеу орынан (1-4), 5-7 Отырар оазисіндегі көршілес ескерткіштерден табылған геммалар: Байпаков К.М., Смағұлов Е.А., Ержигитова А.А., 2005, с. 28.




Сурет 2. Қоңыртөбе, № 65 жерлеу орнынан табылған гемма: Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А., 2005, с. 187, фото 1.25.

1.2 Көтерілген қанаттар және олардың арасында қошқардың басы бейнеленген. Марданкүйік қаласының маңынан (Қоңыртөбе) кездейсоқ табылған. Өлшемдері: 21×27×23,5 мм; 20×18,5 мм; 5 мм. Сарғыш реңкті жартылай мөлдір халцедоннан жасалған. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында сақтаулы (сурет 1.5).

1.3 Бұғы бейнеленген гемма. Пышақшытөбе қаласы маңайындағы жер қазу жұмыстары барысында, жерлеу орнының бұзылуында кездейсоқ табылған. Өлшемдері: 27×32×23 мм; 23×20 мм; 5 мм. Сарғыш реңкті жартылай мөлдір халцедоннан жасалған. Отырар музейінде сақтаулы (Шәуілдір ауылы), (сурет 1.6).

1.4 Сарышаян бейнеленген гемма. Отырар оазисінен кездейсоқ табылған. Өлшемдері: 26×31×20,5 мм; 21,5×16 мм; 5 мм. Сүт түсті нефриттен жасалған. М.О. Әуезов атындағы ОҚМУ-дің Археология кабинетінде сақтаулы (Шымкент қ.) (сурет 3).



Сурет 3. Кездейсоқ табылған сарышаян бейнесі бар гемма: Подушкин А.Н., 2000, с. 108.

Қоңыртөбе (Марданкүйік) қаласының жанындағы әйел кісінің жерлеу орнынан тағы 4 гемма табылған. Геммалардың сипаттамаларын Е.А. Смағұловтың айтуы бойынша береміз: (Байпаков и др., 2005:46):

2.1 Қасқырдың (немесе гиена?) бейнесі бар гемма. Өлшемдері: 22×26,5×20 мм; 20×18 мм; 5 мм. Гемма сүт түсті халцедоннан жасалған (сурет 1.2).

2.2 «Сиқыршының» бейнесі бар гемма. Өлшемдері: 22×26×1 мм; 18×15,5 мм; 4 мм. Сүт түсті халцедоннан жасалған (сурет 1.3, сурет 2.1).

2.3 «Ағаштын» бейнесі бар гемма. Өлшемдері: 18×22×1 мм; 14×12,5 мм; 4 мм. Көкшіл түсті жартылай мөлдір халцедоннан жасалған (сурет 1.4, сурет 2.3).

2.4 Сарышаянның бейнесі бар гемма. Өлшемдері: 13,5×17,5×9,5 мм; 12,5×8 мм; 4 мм. Қызыл ақықтан (карнеол) жасалған (сурет 1.1, сурет 2.4).

2006 ж. Е.А. Смағұловтың басшылығымен Сидак (Түркістан оазисі) қаласындағы қазба жұмыстары барысында бір мезетте көмбеден геммалар табылады. Барлық үш гемманың сипаттамасын Е.А. Смағұловтың жарияланымы бойынша келтіреміз (Смағұлов, 2013:119):

3.2. Алдыңғы аяқтары бүгілген зебу бұқасы бейнеленген гемма (биіктігі 18,5 мм, диаметрі 24 мм, қалыңдығы 18 мм, беті 18×16 мм) (сурет 4.2).

3.1. Ешкіде отырған ер кісі құдайының бейнесі бар ең үлкен гемма; оның екі жағында екі өсімдік өсінділері бейнеленген (биіктігі 21 мм, диаметрі 29 мм, қалыңдығы 20 мм, беті сопақша 20×25 мм) (сурет 4.4)

3.3. Тұмсығында бұтағы бар, тұрған құстың (үйрек?) бейнесі түсірілген гемма (биіктігі 20 мм, диаметрі 23,5 мм, қалыңдығы 15 мм, беті 12×16 мм) (сурет 4.5).

Олай болса, барлық 11 гемма табылған жері (жағдайлары) бойынша 3 топқа жиналады.



Сурет 4. Сидак қаласындағы гибадат кешеніндегі көмбеден шыққан гемма: Смағұлов Е.А., 2013, с. 118.

Сырдарияның орта ағысындағы геммалардың мерзімделу мәселелері және ерте уақыттағы аналогтары. Таяу Шығыстың кең географиялық аймағынан табылған «сасанидтік» геммалардың нақты мерзімделуі толық шешілмеген мәселе. В.Г. Луконин жазғандай, олар қазба жұмыстарының стратиграфиялық қабаттарынан өте аз мөлшерде кездеседі (Борисов, Луконин, 1963:237). Жалпы палеография біршама көмектескенімен, геммалардың саны өте аз және бұл мерзімдеу мәселелерін шешуге жеткіліксіз. Геммалардың қолданыста болғанын, әдетте Сасанидтер уақытына жатқызады, оның ішінде Е.А. Смағұлов та геммаларды ұқсастықтарына қарай мерзімдеген.

Геммалардың жекелеген түрлерін мерзімдеу мүмкіндіктері, мысалы, сызықша (штрих) деп аталатын мәнерде орындалған кескіндер туралы мәселе бірнеше рет көтерілген. Мысалы, Байрам-Али қорымындағы жерлеу орындарынан жиналған ұқсас геммалар салыстырмалы түрде кейінгі кезеңге (VI–VII ғғ.), сол жерлеу орындарынан алынған Хосров I кезінде соғылған монеталар бойынша мерзімделген (Ершов, 1959:177-178). Екінші жағынан, парфиялық мөрлерді (олардың бір бөлігіндегі бейнелер де сызықша мәнерінде ойылған) ерекшелеу және атрибуциялау мәселелерін М.Е. Массон және Г.А. Пугаченкова арнайы қарастырады. Нисадан табылған геммалардың негізгі бөлігін аталған ғалымдар II–III ғғ. жатқызады (Массон, Пугаченкова, 1954:65-68). Мөрлердің бетіне сурет түсірудің кез-келген ерекше немесе салыстырмалы түрде сирек техникасы әрқашан бір ғана қысқа кезеңде қолданыла бермеген.

В.Г. Луконин сасанид өнеріндегі «ресми портрет» проблемасымен айналысып, өзі атап өткендей, «осы салада парфияндық әсердің болуын жоққа шығаруға тырысты». Зерттеуші эллинизмнің парфия өнерінің барлық салаларына бұлжымайтын әсерін атап өтті (Борисов, Луконин, 1963:19). Кейінгі кезеңде Сасанидтерде Аршакидтердің әсері жоғалғаны анық. Бірақ, сонымен бірге сасанидтік өнер нысандарын парфияндықтармен салыстырғанда «эллинизм» элементтерінен едәуір ерекшеленеді (Ritter, 2012:101-102).

Геммаларды мерзімдеу мәселелері Сырдария аймағы үшін көптеген себептерге байланысты біржақты шешілген жоқ, олардың негізгісі, тағы да нақты қабаттың болмауы, екіншісі – жұқа пластикті бұл бұйымның символдық бейнемен ұзақ уақыт (біздің ойымызша) «қолданылуы», көбінесе ол отбасымен тығыз байланысты және қандай да бір киелі зат ретінде мұрагерлікке беріліп отыруы мүмкін. Жетіасардың жеке, ең ежелгі геммалары (алайда, типологиялық тұрғыдан ерекшеленеді: металл жүзіктерге кірістіру) және иконографиясы (монеталардағы Аршакидтердің кейінгі схемаланған портреттеріне ұқсас) А.Я. Борисов пен В.Г. Лукониннің ең көп айтылған жұмысына сілтеме жасала отырып, б.з. III ғ. бұрын мерзімделуі мүмкін (Левина, 1996:237). Бұл мәселелер Л.М. Левина мен А.Б. Никитиннің жарияланымдарында да көтеріледі (Левина, Никитин, 1991:65).

Сырдарияның төменгі ағысының жоғарғы шекарасындағы геммалардың «қолданылуы» геммалар табылған жеке ескерткіштердегі өмірдің тоқтауы уақытымен, яғни IV–V ғғ анықталады. Бейнелер стилистикасының айқын ұқсастығына (шебердің қолымен берілген бейнелер стилистикасының ерекшеліктері), сюжеттеріне қарағанда, ұқсас геммалар Сырдарияның орта ағысында синхронды түрде «қолданылған». Е.А. Смағұлов Қоңыртөбе қорымын зерттеудегі материалдар бойынша, салыстырмалы түрде өзінің ерте жарияланымдарының бірінде, ілеспе материалдың құрамында табылған геммалар туралы былай деп жазады: «халцедоновые сасанидские геммы связаны с охранной магией, как говорится, «по определению»» (Смағұлов, 2001:92). Е.А. Смағұлов Сидак көмбесінің көптеген байланыстары мен аналогтарын, оның ішінде Қоңыртөбеден табылған геммалардан тауып, оларды IV–V ғғ. мерзімдейді (Смағұлов, 2013:121-122). Ғұрыптық заттар біршама консервативті болып табылады, сондықтан өртеніп кеткен ғибадатхана (араб шапқыншылығының әсері болуы мүмкін) VIII ғ. ортасымен мерзімделген, яғни геммаларды ғибадатхананың қоймасында, ал бұған дейін отбасында ғасырлар бойы сақталған болуы мүмкін.

Соңғы кездейсоқ табылған гемма Теріскей Қаратаудың солтүстік-шығысынан анықталды. Жергілікті тұрғынның мәліметі бойынша, ол Құмкент (Свод памятников истории..., 1994:245) қаласының (қабырға периметрі ішіндегі) қираған қабаттарынан кездейсоқ табылған (Железняков, Акымбек, 2020). Қала X–XV ғғ. мерзімделеді, бірақ зерттеушілер ескерткіштің төменгі қабаттарын зерттемеген болуы да мүмкін.

Құмкент қаласынан табылған мөр өңір үшін дәстүрлі болып табылатын халцедоннан жасалынған және кейінгі антикалық кезеңге жатады, пішіні кесілген жұмыртқа тәрізді («жалған жүзік»), бойлық тесігі бар (ені: 20 мм, диаметрі: 23 мм, биіктігі: 18 мм, бетінің өлшемдері 18×14 мм және тесігінің диаметрі: 6,45 мм). «Жалған жүзіктің» тегіс келген беткі жағы айна тәрізді жылтыратылып, ер адамның кеудесінен жоғары бейнесі бедерленіп түсірілген. Адамның басы қырынан, оң жағынан бейнеленген. Басы (шамасы) жұқа маталы таңғышпен оралған (шашы байқалады); басының ортасы кең баумен байланған. Мұндай таңғыштарды Аршакидтер әулетінің көптеген өкілдерінің суреттерінен табуға болады, олар «қуатты Парфияның негізін қалаушы» Митридат I-ден басталады (Дивбойз, 2008:41, рис. 7). Ер адамның ұзын, ұшы сүйір, мұқият таралған сақалы бар, мұрны кеңсірігіне дейін түзу. Киімнің бүктелмелері жартылай шеңбер сызықтармен көрсетілген – кеудеге, мойынның астына бүктелген. Бастың айналасында нұр немесе жарқылға еліктейтін, жапырақтардың кішкентай қатарларынан құралған жартылай шеңберлі бұтақ, бетінің шетінде бір иықтан екінші иыққа, әйгілі кейіпкердің басын айнала ойылған. Бұл мөрдің шетінде (иықтан жоғары) – сол жағынан оң жағына қарай доғаланып, қиғаш сызықша-жапырақтары бар өсімдікке ұқсас (бұтақты) етіліп кеткен. Бедер көлемді ойылып оймышталып орындалған. (сурет 5).



Сурет 5. Құмкенттен табылған оймышты халцедон мөр/гемма.

Бір жағында (бетіндегі бейне бойынша қарайтын болсақ, сол жағында), яғни тесіктің шетінде орташа өлшемде сынық бар. Бірақ ол ежелгі тас кескіштердің бұл бұйымын түсінудің тұтастығын бұзбайды. Сондай-ақ, осы жағында ақ қабыршық сақталған, бұл, қолөнершілердің мөрді қосымша өңдеуінен қалған із болуы мүмкін. Кейбір бұйымдар сол кездегі белгілі химиялық реактивтерде, соның ішінде асыл минералдың қасиеттерін көрнекті етіп өзгерту үшін қайнатылды (Борисов, Луконин, 1963:47). Осыған байланысты маңызды эксперименттер химия саласында ғана емес, сонымен қатар геология мен минералогия саласында да жүргізілуі мүмкін деп болжауға болады. Демек, гемма Парфия үшін жасалған, ал Қаратау аймағы минералдарды өндіруге арналған база болуы мүмкін.

Біздің ойымызша, Құмкенттен табылған мәрде белгілі бір билеуші немесе жоғары лауазымды шенеунік бейнеленген. Бейне (кейінгі) «аршакид» стилінде орындалған, эллинизмнің гиперболизациялық (ерлер, әйелдер, зооморфтық) ерекшеліктері (б.з.д. III–I ғғ.) толығымен жойылып, олар ежелгі Парфия (Аға Аршакидтер әулеті кезінде) өнерімен қаныққан. Өнер барған сайын иконографияда өзіндік, шартты түрде айтсақ «шығыс» стилін дамытты. Сонымен қатар, торевтика мен глиптикадағы бірнеше схемалық бейнелерге бейімделген. Бұған айтарлықтай тән (күшейтілген, стильдендірілген) белгілер дәлел бола алады: сүйір сақал, ұзын және түзу, маңдайдан төмен мұрын, кеңсірік жоқ, мұқият сәнделген шашы кең таңғышпен байланған. Шамасы, мәрден жоғары көркемдік ұқсатуды, бейнені, монетадағы немесе геммадағы портретті көреміз, бұл Қаңлы жерінде орындалуы мүмкін. «Аршакид» иконографиясының ерекше «мәнері» мен қатыстылығын тік, «кесілген» мұрын сызықтары (көлденен, мұрынның төменгі сызығы бет сүйегінің астындағы сақалды көрсететін сызықтарға жетеді), көз – үш түзу сызық, сондай-ақ әшекейлер – гривналар немесе киімдердің жағаларын және басқаларды беретін мойын мен кеуденің жоғарғы жағындағы жартылай шеңберлі сызықтар үстемелейді. Олай болса бұл, біздің ойымызша, өте қысқа уақыт ішінде «провинцияда» жасалынуы мүмкін. Мұның барлығы мәрдегі бейнені салыстырмалы түрде дәл анықтауға көмектеседі. Дегенмен, бейненің өзі де, өзіндік иконографиясы да «маңызды» болып саналады.

Құмкенттен табылған геммаға ойылған кескінге ұқсас бейнелер – Эрмитаждың 800-ден астам ұсақ глиптикалық бұйымдардан тұратын мөрлерінде, салыстырмалы түрде кең таралған, онда стиль және хронология (қысқаша, кестелік/жүйеленген сипаттамаларға сүйене отырып) бойынша 10-ға жуық ұқсас бейнелер бар (Борисов, Луконин, 1963:86-88). Л.М. Левинаның монографиясында ұқсас екі бейне кездеседі (Левина, 1996, рис. 161 2,3). Алтынасар 4 қорымынан табылған геммаларды Л.М. Левина IV–V ғғ. мерзімдеген, бірақ мәрдің шетіндегі бұтақтың кескіні жоқ (Левина, 1996:238). Митрополия – ежелгі ұлы державаға тікелей тәуелділік жоқ провинцияларда иконография қанша уақыт бойы шығарылғандығы туралы мәселе ашық күйінде қалып келеді.

Құмкент қаласынан табылған халцедон мөрі – табылған осындай жәдігерлердің ең шығысынан анықталды, бұл кейінгі Аршакидтердің антикалық кезеңінде дала мен қала мәдениеттерінде белгілі бір байланыстардың болуын, Ирандық ежелгі әлемнің Қаңлыларға немесе олардың байланыстарына әсерінің болуын дәлелдеуі мүмкін.

Оңтүстік Қазақстандағы кейінгі антикалық кезеңді анықтаудың кейбір мәселелері (оның ішінде табылған геммалар бойынша) ғылыми ортада, мысалы, қандай да бір жылжымалы немесе жылжымайтын ескерткішті археологиялық зерттеудің нәтижелері секілді бірнеше рет көтерілген. Екінші жағдайда, бұл жекелеген ғимараттарға тән архитектуралық шешімдермен, Қаңлылармен: Соғдылар, Шаш және басқалармен шектесетін ежелгі мемлекеттерге қатысты бекіністермен байланысты болды. Антикалық сәулетшілер Қаңлы жерлерінде де билеушілерге, қажеттіліктеріне қарай ірі феодалдарға және көршілердің дербес билеушілеріне қамалдар немесе цитадельдер салған. Басқа архитектуралық шешімдер болмады, мысалы, қабырғалардың қалыңдығына қауіп төнген жоқ. Мысалы, Жуантөбе қаласы шахристанының сыртқы қабырғаларының жоспарын зерттеу кезінде, оның құрылысының антикалық сипаты анықталды (оның қабырғасының тура ортасында тар ішкі дәлізі болды), бұл оның тұрғызылған уақытын б.з. IV–V ғғ. дейін мерзімдеуге мүмкіндік берді (Железняков, 2011:91).

Қаңлы мемлекеті б.з.д. III ғ. – б.з. IV ғ. кезеңінде өмір сүрді. Көптеген деректерде көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар мекендейтін күшті мемлекет, сондай-ақ қалалар мен елді мекендердің отырықшы халқы туралы айтылады. Ерте орта ғасырлардың басталуы антикалық державалардың, атап айтқанда Қаңлы мемлекетінің, сонымен бірге аймақтағы ең үлкен – Кушан империясының құлдырауымен белгілі болды. Олардың арасындағы байланыстар соншалықты болмады, бірақ б.з. III ғ. ортасына дейін Кушан иконографиясымен құйма түрінде дайындалған медальон Қараспантөбе (Арыстың орта ағысы) қаласы жанындағы қорымнан наустағы қазба жұмыстары кезінде табылған (наустар әлі тұрғызылмаған кезде (жерлеудің бастапқы кезеңіндегі орын)), яғни баспа-таңба салу үшін оны ұзақ уақыт пайдаланғандығын болжауға болады. Бұл Кушан билеушілерінің ұрпағы болуы мүмкін. V ғ. ортасында Қаңлылар IV–VI ғғ. Сырдария бойындағы жерлер ерекше мәртебеге ие болмаған кең аумақта өзінің орталықтандырылған мемлекетін құрған, эфталиттерге бағынатын шағын иелік ретінде хабарланады. Бұл кезеңде (552-702 жж.) өңір Түркі және Батыс Түрік қағанаттарына бағынышты болды.

Қаңлылардағы антикалық мөрлердің маңыздылығын бағалаудың алғашқы әрекеті, геммаларды «тікелей» пайдалану жайлы емес, оларды таңбалар мен белгілерге қарағанда айтарлықтай аз қолданғандығы туралы айтылады. Геммалардың қолданыста «жүруі» – Оңтүстік Қазақстандағы кейінгі антикалық кезең ерекшеліктерінің тағы бір аспектісі, оны Қаңлы қоғамындағы антикалық уақыттың маңызды элементтерімен байланыстыруға болады.

Қорытынды. Қаратау жотасының солтүстік-шығыс тау етегінен (Талас-Қаратау өңірі) тас мәрдің кездейсоқ табылуы Сырдарияның орта ағысындағы антикалық геммалардың «қолданылуы»

географиясын кеңейтеді. Шамасы, бұл мөр хронологияны II ғ. аяғы – III ғ. басына дейін «көнететеді», яғни Сырдарияның орта ағысы мен көршілес Қаратау бойынша бұрын жарияланған барлық мөрдін ішіндегі ең ерте оймышталған мөр.

Сырдария-Қаратау өңірінен салыстырмалы түрде геммалардың саны аз табылды және жарияланды: негізінен кездейсоқ табылған немесе әйелдер зираттарынан шыққан заттар. Қаңлы мемлекеті халқының тас мөрлерді пайдалану дәстүрі туралы тарихи деректер әлі белгісіз. Шын мәнінде, табылған геммалар санаулы, ал керамикаларға түсірілген баспа-таңбаның саны едәуір көп, мысалы, хұмдардың ернеулеріндегі (олар туралы ақпараттар тек қана есептерде бар), бұл исламға дейінгі кезеңде оймышталған тас мөрлердің қолданылу дәстүрінің дамуын көрсетуі мүмкін. Инталиялар, өзінің тікелей мақсатына сай, біздің аймаққа біршама ерте уақытта Таяу Шығыстан Шығыс Иран, Хорезм арқылы келіп, қолданылған. Осылайша, Сырдария аймағына өркениеттің антикалық сипатының таралуы туралы болжам жасауға болады, мүмкін Хорезмнен басталған, онда геммалар б.з.д. VI ғ. белгілі. Өкінішке орай, Хорезмде геммаларды одан әрі пайдалану туралы ақпарат өте аз. Сонымен бірге, оссуарийлық жерлеу ғұрпы б.з.д. IV ғ. бері белгілі.

Дегенмен, мұндай ұқсастықты антикалық әлемнің қандайда бір даму сатысын куәландыратын басқа да белгілер бойынша жүргізуге болатын секілді. Алайда, «Тұрандағы» «Иранның» бұл элементтері әруақытта бірден алынған жоқ. Хорезм мәдениеті мен Оңтүстік Қазақстан өңірінің өзара әрекеттесуі тікелей ғана емес, Жетіасар арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Жарияланымдардан білетініміздей, мысалы, С.А. Яценко және Е.А. Смағұлов, таңба/белгі-нышан үшін (ежелгі және ортағасырлық уақыт үшін) бірнеше негізгі функцияларды бөледі: меншік, қатысу/қатыстылық, есепке алу, өнім көлемі, ұжымның көрнекі эмблемасы (Смағұлов, Яценко, 2014:65-66). Қаңлы мемлекетінің аумағындағы қалалар мен қоныстардың керамикасындағы таңбалар – белгілердің айтарлықтай саны, олардың кең географиялық аймақ үшін дәстүрлі болғандығын куәландырады. Басқаша айтқанда, Сырдарияның орта ағысы аймағындағы халықта белгілерді (таңбаларды пайдалану) түсіру дәстүрі қалыптасқан, себебі басқа дәстүр – көбінесе «әкеден балаға» беріліп, отбасылық белгіге бірнеше толықтырулармен, жартастарға салуда және малды қарапайым белгілермен таңбалауда қарастырылатын оймышты мөрлерді пайдалану оны орнықты және консервативті, негізінен көшпелі/жартылай көшпелі өмір салты жағдайында өзіне тән таңбаны пайдалана отырып ығыстыруы ықтимал деп қарау мүмкін емес. «Жылқы грифті» және басқа мифологиялық бейнелерге ұқсайтын күрделі көркем бейнелері бар, сондай-ақ әулеттік көркемдік стильге тән, яғни басқа мәдениет және мифологиямен тығыз байланысты (ішінара немесе толығымен) орындалған билеушілердің бейнелері бар геммалар пайдаланылған. Олай болса, негізінен көшпенді халықтардың қоныстанған аймағы үшін бұл таңбаны мөрлеумен ауыстыру әрекеті болды деп айту қиын. Бірақ кейбір салаларда, мысалы, көзе өндірісінде, тапсырыс беруші немесе шебер көбінесе өз белгісін қалдырып отырған. Дәл әйелдердің жерлеу орнынан геммалардың табылуы геммаларды сиқырлы ғұрыптарда пайдалануы туралы ойға жетелейді.

Осылайша, Орта Шығыста геммаларды қолдану дәстүрінің таралуы оңтүстік-батыстан, Иран аумағынан екі жолмен жүрді, сонымен қатар одан да ертерек Хорезмде «геммаларды қолдану» дәстүрі анықталды. Әрине, бұл процесс Орталық Азияның барлық жаңа халықтары мен елдерін еліктірген Орта Шығыстың антикалық мәдениеті ықпалының қуатты ағынының аз ғана бөлігі болғаны анық. Бұл процесс қаншалықты тез өтті және жалпы болды ма, ол сауда-саттықпен немесе қызметтерге ақы төлеумен байланысты болуы мүмкін, соның ішінде қолөнерге арналған шикізатты іздеу және дамыту әлі де үлкен мәселе болып қала береді. Жалпы геммалар біздің уақытқа дейін қолданылатын таңбалармен салыстырғанда (сызу, ұру, таңбалау) айтарлықтай аз болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII в.). Алматы: Наука, 1986. 256 с.

Байпаков К.М., Смағұлов, Е.А., Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. Алматы: Баур, 2005. 236 с.

Берзина С.Я. Ахеменидские геммы в Хорезме // РА. 2006. № 3. С. 85-94.

Берзина С.Я. Древние геммы Востока. М.: Памятники исторической мысли, 2010. 208 с.

Борисов А.Я., Луконин В.Г. Сасанидские геммы. Ленинград: Изд-во Государственного Эрмитажа, 1963. 224 с.

Дибвойз Н.К. Политическая история Парфии / Пер. с англ., науч. ред. и библиографич. приложение В.П. Никонорова. СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2008. 816 с.

Ершов С.А. Некоторые итоги археологического изучения некрополя с оссуарными захоронениями в районе города байрам-али (раскопки 1954–1956 гг.) // Труды Института истории, археологии, и этнографии АН Туркм. ССР. т. V. Ашхабад, 1959. С. 160-204.

Железняков Б.А. К вопросу о датировке верхних слоев городища Жуантобе // Известия НАН РК. Сер обществ. наук. 2011, № 3. С. 90-100, 91.

Железняков Б.А., Акымбек Е.Ш. Античный профиль на халцедоновой печати из предгорий Терской Каратау // Отан Тарихы. 2020. № 1. С. 206-217.

Левина Л.М., Никитин А.Б. Об одной группе иранских резных камней из восточного Приаралья // ВДИ. 1991. №4. С. 52-65.

Левина Л.М. Этнокультурная история Восточного Приаралья. I тысячелетие до н.э. – I тысячелетие н.э. М.: Восточная литература, 1996. 396 с.

Массон М.Е., Пугаченкова Г.А. Оттиски парфянских печатей из Нисы // ВДИ. 1954. №4. С. 159-169.

Подушкин А.Н. Арысская культура Южного Казахстана (IV в. до н.э. – IV в. н.э.). Туркестан: Издательский центр МКТУ, 2000. 200 с.

Пугаченкова Г.А. Резные камни античной поры в Музее истории Узбекистана // Научные труды ТашГУ, нов. серия, «Археология Средней Азии». Ташкент, 1990. Вып. 200. С. 63-85.

Свод памятников истории и культуры Казахстана: Южно-Казахстанская область. Научно-справочное издание энциклопедического характера. Алматы: АН РК, 1994. 368 с.

Смагулов Е.А. Амулетные наборы из погребений некрополя городища Коньртобе в Отрарском оазисе // История материальной культуры Узбекистана. Ташкент: Фан, 2001. Вып. 32. С. 90-100.

Смагулов Е.А. Культовые постройки храмового комплекса на городище Сидак (Южный Казахстан) / Согдийцы, их предшественники, современники и наследники. На основе материалов конференции «Согдийцы дома и на чужбине», посвященной памяти Б.И. Маршака (1933–2006). СПб.: Изд-во ГЭ, 2013. С. 96-129.

Смагулов Е.А., Яценко С.А. Новые серии клановых знаков на доисламской керамике Сидака и Туркестана на Средней Сырдарье // Вестник МИЦАИ. 2014. Вып. 19. С. 47-67.

Хабиб Аллах Айат Аллахи. История иранского искусства. СПб.: Петербургское Востоковедение, 2007. 352 с.

Ascalone E., Baser Z. New Archaeological Finds from Ziwiye. Preliminary Notes on the Ziwiye Seals Corpus Proceedings, 9th ICAANE, Basel, 2014, Vol. 1, p. 31-41.

Kelly-Buccellati M. Seals in Ancient Mesopotamia and Seals of God in Revelation // Rivista Della Facoltà Di Teologia Di Lugano 1. 1996, p. 79-100.

Marcus M.I Emblems of Authority: The Seals and Sealings from Hasanlu, Iran // Expedition 31. November, 1989. Penn Museum. Philadelphia, p. 53-63.

Ritter N. On the development of Sasanian seals and sealing practice: A Mesopotamian Approach // K. Duistermaat et al. (Hg.), Seals and Sealing Practices in the Near East // Proceedings of an International Workshop at the Netherlands-Flemish Institute in Cairo on December 2-3, 2009. Leiden 2012, p. 99-114.

References

Ascalone E., Baser Z. New Archaeological Finds from Ziwiye. Preliminary Notes on the Ziwiye Seals Corpus Proceedings, 9th ICAANE, Basel, 2014, Vol. 1, p. 31-41.

Вайпакон К.М. Srednevekovaya gorodskaya kul'tura Yuzhnogo Kazaxstana i Semirech'ya (VI – nachalo XIII v.) (Middle Ages city culture of Southern Kazakhstan (6 – beginning 13 c.). Алматы: Nauka, 1986. 256 p. [In Russian].

Вайпакон К.М., Смагулов Е.А., Эрзхигитова А.А. Rannesrednevekovy'e nekropoli Yuzhnogo Kazaxstana (Early Medieval necropolis of Southern Kazakhstan). Алматы: Baur, 2005. 236 p. [In Russian].

Berzina S.Ya. Axemenidskie gemmy v Xorezme (Akhaemedian gems of Khorzm) // Rossiiskaya Archaeology. 2006. № 3. P. 85-94. [In Russian].

Berzina S.Ya. Drevnie gemmy Vostoka (Ancient gems of the East) // М.: Pamyatniki istoricheskoy my'sli. 2010. 208 p. [In Russian].

Borisov A.Ya., Lukonin V.G. Sasanidskie gemmy (Sasanian gems). L.: Izd-vo Gosudarstvennogo E'rmitazha, 1963. 224 p. [In Russian].

Dibvozh N. K. Politicheskaya istoriya Parfii (Political history of Parthia) / Per. s angl., nauch. red. i bibliografich. prilozhenie V. P. Nikonorova. SPb.: Filologicheskij fakul'tet SPbGU, 2008. 816 p. [In Russian].

Ershov S. A. Nekotory'e itogi arxeologicheskogo izucheniya nekropolya s ossuarny'mi zaxoroneniymi v rajone goroda Bajram-Ali (raskopki 1954–1956 gg.) (Some results of researching of the necropolis with ossuary tombs in locals of Bairam-Ali) // Trudy Institutu istorii, arxeologii, i e'tnografii AN Turkm. SSR. t. V. Ashxabad, 1959. P. 160-204. [In Russian]

Kelly-Buccellati M. Seals in Ancient Mesopotamia and Seals of God in Revelation // Rivista Della Facoltà Di Teologia Di Lugano 1. 1996, p. 79-100.

Levina LM, Nikitin A B Ob odnoj gruppe iranskix rezny'x kamnej iz Vostochnogo Priaral'ya (About one group of Iran carved stones from Eastern Aral region). Vestnik Drevney Istorii. M., 1991. №4. P. 52-65. [In Russian].

Levina L.M. E'tnokul'turnaya istoriya Vostochnogo Priaral'ya. I ty'syacheletie do n.e` – I ty'syacheletie n.e (Ethocultural history of the Eastern Aral region, 1millennia BC – 1 millenia AD). // М.: Vostochnaya Literatura, 1996. 396 p. [In Russian].

Marcus M.I Emblems of Authority: The Seals and Sealings from Hasanlu, Iran // Expedition 31. November, 1989. Penn Museum. Philadelphia, p. 53-63.

Masson M.E., Pugachenkova G.A. Ottiski parfyanskix pechatej iz Nisy` (Prints of Parthian Stamps from Nisa) // VDI. 1954. № 4. P. 159-169. [In Russian].

Podushkin A.N. Ary`sskaya kul`tura Yuzhnogo Kazaxstana (IV v. do n.e. IV v. n.e`) (Arys culture of Southern Kazakhstan 4 c. BC – 4 c. AD) Turkestan: Izdatel`skij centr MKTU, 2000. 200 p. [In Russian].

Pugachenkova G.A. Rezny`e kamni antichnoj pory` v Muzee istorii Uzbekistana (Carved stones of Antique period in museum of History of Uzbekistan) // Nauchny`e trudy` TashGU, nov. seriya, vy`p. 200, "Arxeologiya Srednej Azii", Tashkent, 1990. P. 63-85. [In Russian].

Ritter N. On the development of Sasanian seals and sealing practice: A Mesopotamian Approach // K. Duistermaat et al. (Hg.), Seals and Sealing Practices in the Near East // Proceedings of an International Workshop at the Netherlands-Flemish Institute in Cairo on December 2-3, 2009. Leiden 2012, p. 99-114.

Svod pamyatnikov istorii i kul`tury` Kazaxstana (Corpse of sites of history and culture. South Kazakhstans oblast): Yuzhno-Kazaxstanskaya oblast`. Nauchno-spravochnoe izdanie e`nciklopedicheskogo xaraktera. Almaty`: AN RK, 1994. 368 p. [In Russian].

Smagulov E.A. Amuletny`e nabory` iz pogrebenij nekropolya gorodishha Kony`rtobe v Otrarskom oazise (Amulet suites from tombs of necropolis of Konurtobe site in Otrar oasis) // Istoriya material`noj kul`tury` Uzbekistana, Vy`p. 32. Tashkent: Fan, 2001. P. 90-100. [In Russian].

Smagulov E.A. Kul`tovy`e postrojki xramovogo kompleksa na gorodishhe Sidak (Yuzhny`j Kazaxstan) (Cult structures of temple complex on Sidak site (South Kazakhstan) // Sogdijcy, ix predshestvenniki, sovremenniki i nasledniki. Na osnove materialov konferencii «Sogdijcy doma i na chuzhbine», posvyashhennoj pamyati B.I. Marshaka (1933-2006). SPb.: Izd-vo State Hermitage`, 2013. 96-129. [In Russian].

Smagulov E.A., Yacenko S.A. Novy`e serii klanovy`x znakov na doislamskoj keramike Sidaka i Turkestana na Srednej Sy`rdar`e (New series of signs on pre-Islamic ceramic of Sidak site and Turkestan on Middle Syrdariya) // Vestnik of International Institute o Cantal Asia Research. 2014. Vy`p. 19. P. 47-67. [In Russian].

Xabib Allah Ajat Allaxi Istoriya iranskogo iskusstva (History of Iran Art). SPb.: Peterburgskoe Vostokovedenie, 2007. 352 p. [In Russian].

Zheleznyakov B.A.K voprosu o datirovke verxnix sloev gorodishha Zhuantobe (To the question of dating of top levels of the Zhuan tobe site) // Izvestiya NAN RK. Ser obshhestv. nauk. 2011. № 3. P. 90-100. [In Russian].

Zheleznyakov B.A., Aky`mbek E.Sh. Antichny`j profil` na xalcedonovoj pechati iz predgorij Terskej Karatau (Antique image on the stone stamp from the foothills of Tekskey Karatau) // Otan Tarixy`. 2020. № 1. P. 206-217. [In Russian].

FTAMP 03.41.91

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_213

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШІТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ

М.Қ. Тұяқбаев¹, Х.М. Тұрсүн², М.С. Исаев^{2*}, Б.Қ. Байболов¹,
С.Т. Шаметов¹

¹«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Қазақстан, Түркістан қ.

²Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан

*Автор-корреспондент

E-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz (Исаев)

Түйіндеме. Мақала XII ғасырда іргесі қаланып XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін жұмысын жалғастырған, ислам әлемінде сопылық ілімнің қалыптасуына өзіндік орны бар және ірі орталықтарының бірі болған «Қылует» жерасты мешітінің археологиялық зерттелуіне арналады. «Қылует» жерасты мешітінің тарихы мен қызметін, салыну жылдарын анықтауға байланысты зерттеу нәтижелерінің әртүрлі болуы, құрылысының бірнеше мәрте өзгеруі, жетілдірілуі нақты кезеңін анықтауда қиындықтар туғызды. Жерасты мешіттерінің тарихы мен салыну мерзімін анықтау аталған құрылыстардың типологиялық функциясын дәл қорытындылауға мүмкіндік береді.

«Қылует» жерасты мешіті туралы тарихи деректерді талдау мен сараптаудың тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық, индуктивті талдау әдістері бойынша жүргізілді. «Қылует» жерасты мешітінің қызметі мен салыну кезеңіне қатысты деректерді, ғылыми тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстыру, талдау тәсілдеріне басымдық берілді.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РҒАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛелЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТЬ
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

Басуға 23.12.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды